AAK-SIB-GH-2026–02 бюллетеніне 4-қосымша

**SAE AS6286 стандартының D және E редакцияларында белгіленген практикалық даярлау элементтері мен олардың мазмұнын салыстыру**

| PE | Практикалық элемент | AS6286D стандартына сәйкес тақырыптар | AS6286E стандартына сәйкес тақырыптар | D - E өзгерістер | Бағдарламаны және тақырыптарды қайта қарау/әзірлеу |
|---|---|---|---|---|---|
| **PE1** | ЖМҚӨ жабдықтары мен объектілеріне және оларды пайдалануға шолу | ЖМҚӨ жабдықтарына және оны пайдалануға шолу, сондай-ақ инфрақұрылым объектілеріне шолу(мысалы, сақтау резервуарларына); ЖМҚӨ жабдығы, машиналардың сипаттамасы (түрі, маркасы, саптамалары, пистолеттері, резервуарлары және т.б.); машинаны пайдалану; қауіпсіздік құралдары; қолмен және пропорционалды араластыру; инфрақұрылым объектілері; сақтау талаптары; құю; қозғалтқыштардан мұзды жою кезінде қолданылатын қыздыру жабдығы. | Өзгерістер жоқ | Мазмұнында елеулі өзгерістер жоқ. | Жоқ |
| **PE2** | Кабина және басқару | Пайдалануды бастар алдындағы тексерулер; орындық пен айналарды реттеу; берілісті таңдау; тұрақ тежегіші; қыздырғыш пен сорғыны басқару органдары; жебені басқару (болған жағдайда); байланыс және қосылу құралдары (гарнитура); іске қосу және тоқтату рәсімдері; қозғалысты басқару органдары (әйнек тазалағыштар, жарықтандыру, бұрылыс көрсеткіштері және т.б.). | Өзгерістер жоқ | Мазмұнында елеулі өзгерістер жоқ. | Жоқ |
| **PE3** | Басқару панелі | Іске қосу, қайта іске қосу және тоқтату; авариялық тоқтату рәсімдері; жүйе индикаторлары; ауыстырып-қосқыштар. | Өзгерістер жоқ | Мазмұнында елеулі өзгерістер жоқ. | Жоқ |
| **PE4** | Себетпен жұмыс істеу | Авариялық тоқтату рәсімдері; жебені авариялық түсіру рәсімдері; сақтандыру белдігінің бекіту нүктелері және оны пайдалану; байланыс және қосылу құралдары (гарнитура); жарықтандыруды басқару; сұйықтық беруді таңдау, сорғыны мәжбүрлеп қосу/ажырату және сорғының жұмысы; anti-ice/deice жүйелерінің және қар зеңбірегінің жұмысы; жебені басқару: шығару, жинау, көтеру, түсіру және бұру; жеке қорғаныш құралдары. | Өзгерістер жоқ | Мазмұнында елеулі өзгерістер жоқ. | Жоқ |
| **PE5** | Көмекші қозғалтқышты пайдалану (болған жағдайда) | Іске қосу, қайта іске қосу, тоқтату және авариялық тоқтату рәсімдері; акселераторды қолмен басқару; өрт сөндіргішті пайдалану. | Өзгерістер жоқ | Мазмұнында елеулі өзгерістер жоқ.. | Жоқ |
| **PE6** | Сұйықтықты қыздырғышты пайдалану | Іске қосу және тоқтату рәсімдері; жанудың жоғары және төмен қуат индикаторлары; ағынның болмауы индикаторы; сұйықтық деңгейінің төмендігі индикаторы; сорғы қысымының манометрі. | Өзгерістер жоқ | Мазмұнында елеулі өзгерістер жоқ. | Жоқ |
| **PE7** | Жерүсті шлангісімен жұмыс істеу | Шлангінің орналасуы; жерүсті пистолеті (ground gun); мұздануға қарсы сұйықтық шығыны / шлангінің орналасуы; жерүсті пистолетінің жұмысы; сұйықтықтың ағу жылдамдығы. | Өзгерістер жоқ | Мазмұнында елеулі өзгерістер жоқ. | Жоқ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **PE8** | Өңдеуге дейінгі тексерулер | Барлық есіктер мен люктердің жабық болуы; қауіпті аймақта персоналдың болмауы; әуе кемесінің конфигурациясы. | Атауындағы терминді қоспағанда, өзгерістер жоқ. | Терминология кеңейтілген: spray → treatment; нақты тізбе өзгермеген. | Елеулі емес – терминологияны өзектендіру; мазмұнын сақтау. |
| **PE9** | Коммуникация жүргізу | Ұшу экипажымен байланыс; инженерлік-техникалық персоналмен өзара іс-қимыл (әуе кемесінің конфигурациясына қатысты); ЖМҚӨ коды/ЖМҚӨ жүргізілгеннен кейінгі есеп; жүргізуші мен оператор арасындағы байланыс; бірнеше машинаның бірлесіп жұмыс істеуі кезіндегі өзара іс-қимыл; «машина–машина» байланысы; ЖМҚӨ-ні орталықтандырылған ұйымдастыру; үйлестіру. | Мазмұны өзгермеген. Қосымша түрде жаңа DI-L40, DI-L50, DI-L60 біліктіліктері не қолданылады. | Мазмұны іс жүзінде өзгермеген; біліктілік кодтары өзгертілген. | Елеулі емес – біліктіліктерді өзектендіру |
| **PE10** | Машинаны орналастыру | Өңдеу жүргізу үшін машинаны оңтайлы орналастыру; оператормен өзара іс-қимыл; әуе кемесінің айналасында қауіпсіз қозғалу. | Өзгерістер жоқ | Мазмұнында елеулі өзгерістер жоқ. | Жоқ |
| **PE11** | Әуе кемесінің маңында жұмыс істеу кезінде машинаның қауіпсіздігі | Әуе кемесіне жақындау (қозғалтқыштар жұмыс істеп тұрған кезде, авариялық шамдар қосылған жағдайда); машинаның тежеу жүйесін тексеру; машинаның биіктігін бақылау; қозғалыс жылдамдығын сақтау; перрондағы қозғалыстың басқа қатысушыларын ескеру; авариялар, инциденттер және қауіпсіздікке байланысты оқиғалар туралы хабарлау тәртібі. | Өзгерістер жоқ | Мазмұнында елеулі өзгерістер жоқ. | Жоқ |
| **PE12** | Мұздануға қарсы сұйықтықты бүрку | Сыни беттер; өңдеуге тыйым салынған аймақтар; сұйықтық температурасы; бүрку қашықтығы (жылуды сақтау); бүрку схемалары және саптамаларды баптау. | Өзгерістер жоқ | Мазмұнында елеулі өзгерістер жоқ. | Жоқ |
| **PE13** | ЖМҚӨ басқа да рәсімдері | Алдын ала өңдеу; жергілікті қыраудың пайда болуына жол бермеу; қозғалтқыштарды, датчиктерді, қабылдағыштарды және басқа элементтерді өңдеу; тиісті тексерулер. | Өзгерістер жоқ (DI-L50 толықтырылған) | Мазмұны сақталған; қолданылуы бұрынғы L30B біліктілігінен L50 біліктілігіне ауыстырылған. | Елеулі емес – біліктіліктерді өзектендіру |
| **PE14** | Мұздануға қарсы өңдеу машинасын басқару | Машиналарды маневрлеу; басқарудың ерекшеліктері; авариялық жағдайлар кезіндегі іс-қимылдар; ақаулар туындаған кездегі іс-қимылдар. | Өзгерістер жоқ | Мазмұнында елеулі өзгерістер жоқ.. | Жоқ |
| **PE15** | ЖМҚӨ сценарийлері | Тұрақта/терминал маңындағы перронда өңдеу; қашықтағы немесе орталықтандырылған алаңда өңдеу; бірнеше машинаны пайдалана отырып өңдеу. | Өзгерістер жоқ | Мазмұнында елеулі өзгерістер жоқ. | Жоқ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **PE16** | Авариялық жағдайлар | Жұмыстарды орындау кезіндегі қауіпсіздік; соқтығыстар және басқа да оқиғалар; әртүрлі жағдайлардағы тиісті рәсімдер мен іс-қимылдар; адами факторға байланысты жағдайлар; қоршаған ортаға әсер етуді бақылау. | Өзгерістер жоқ (DI-L40 толықтырылған). | Мазмұны сақталған; қолданылуы бұрынғы L30 біліктілігінен L40 біліктілігіне ауыстырылған.. | Елеулі емес – біліктіліктерді өзектендіру |
| **PE17** | Мұздануға қарсы сұйықтық сапасын бақылау | Мұздануға қарсы сұйықтық, белгіленген шектер және есептілік; сынама алу; өлшеу аспаптары және оларды пайдалану; құю станциясы, мұздануға қарсы сұйықтықтың сапасы; мұздануға қарсы сұйықтықты беру. | Өзгерістер жоқ (DI-L80/90 толықтырылған) | Негізгі өзгеріс – сапаны бақылау функцияларын DI-L80/90 біліктіліктері бойынша бөлу. | Елеулі емес – біліктіліктерді өзектендіру |
| **PE18** | Әуе кемесін ластанулардың болуына тексеру | Әуе кемесіндегі ластанулардың әртүрлі түрлері; әуе кемелерінің типтері; мөлдір мұздың болуын тексеру, тактильдік тексеру; есептілік және коммуникация жүргізу; дайындықтың түпкілікті расталуы, ЖМҚӨ коды; қауіпсіздік және адами фактор аспектілері. | Өзгерістер жоқ (DI-L40 және DI-L50 толықтырылған) | Мазмұны сақталған; қолданылуы DI-L40 және DI-L50 біліктіліктеріне ауыстырылған. | Елеулі емес – біліктіліктерді өзектендіру |
| **PE19** | Мұздануға қарсы сұйықтықты бүрку және ыстық ауаны қолдану (қажет болған жағдайда практикалық даярлау) | Фюзеляж, қанаттың төменгі беті, қанат және құйрық қауырсыны; қозғалтқыштар мен әуе винттерінің мұздануы; шасси және аспаптар. | Өзгерістер жоқ (DI-L40 толықтырылған) | Мазмұны сақталған; қолданылуы DI-L40 біліктілігіне ауыстырылған. | Елеулі емес – біліктіліктерді өзектендіру |
| **PE20** | Практикалық бағалау | Әрбір білім алушы келесі салаларда құзыреттілігін көрсетуге тиіс: | Бағалау элементтері бірдей, алайда практикалық бағалау нұсқалары кеңейтілген: бағалауды әуе кемесінде, макетте немесе симуляторда жүргізуге рұқсат етіледі. | Бағалау әдістері кеңейтілген. | Иә – рұқсат етілген бағалау нысандарын ескере отырып, практикалық бағалау тәртібін өзектендіру. |